

ҚАЗАҚСТАН ПРЕЗИДЕНТІ МАСС-МЕДИА ӨКІЛДЕРІНЕ СҰХБАТ БЕРДІ




Қазақстан Республикасының Президенті жыл қорытындысына орай бірқатар қазақстандық ақпарат құралдары өкілдерімен кездесті. Кездесуде Нұрсұлтан Назарбаев биыл елімізде болған маңызды оқиғаларды қорытындылап, журналистердің сұрақтарына жауап берді.

Атап айтқанда, Қазақстан Президенті мемлекетіміздің әлеуметтік-экономикалық дамуының негізгі нәтижелері туралы әңгімелеп, жаңғыру жөніндегі реформалар мен бағдарламаларды іске асыруды одан әрі жалғастырудың маңыздылығын атап өтті.

Мемлекет басшысы Қазақстанның сыртқы саясат саласындағы басты жетістіктері туралы айтып, жақында болған кадрлық өзгерістерге байланысты түсініктеме берді, сондай-ақ Сыртқы істер министрлігі алдында тұрған жаңа міндеттерге тоқталды.

Бұдан бөлек, Нұрсұлтан Назарбаевқа ресми емес сұрақтар да қойылды.

ӨЗБЕКСТАН МЕН ТҮРКІМЕНСТАН БАСШЫЛАРЫ ӨЗАРА ЫНТЫМЫҚТАСТЫҚ ЖАЙЫН ТАЛҚЫЛАДЫ



28 желтоқсанда Түркменстан және Өзбекстан Президенттері Ғұрбанғұлы Бердімұхамедов пен Шавкат Мирзиєев телефон арқылы сөйлесіп, екі елдің өзара қарым-қатынасының басым бағыттары жайлы пікір алмасты.

Түркітілдес қос мемлекеттің басшылары отын-энергетика кешенінде, индустриалды секторда, көлік-коммуникация саласында, агроөнеркәсіп кешенінде өзара әріптестікті тереңдетіп, көлемді біріккен жобаларды жүзеге асыруға орасан зор мүмкіндіктер бар екенін атап өтті.

Тараптар екі елдің де мүддесімен үндесетін аймақтық және жаһандық сипаттағы бірқатар өзекті мәселелер жайлы да пікір алмасты. Осыған орай ортпалық азияның қос мемлекеті БҰҰ, ТМД және басқа да халықаралық ұйымдар аясында бейбітшілікті сақтау мен қауіпсіздікті және тұрақты дамуды қамтамасыз ету үшін бір-біріне қолдау білдіріп келе жатқаны да айтылды.

Статистикалық деректерге қарағанда 2017 жылы Өзбекстан мен Түркіменстан арасындағы тауар айналымы 177,3 млн долларды құраса, 2018 жылдың сәуір айында тараптар жалпы сомасы 250 млн болатын бірлескен жобаларды жүзеге асыру туралы келіскен еді.

ҚЫРҒЫЗСТАНДА ТУРИСТІК МИЛИЦИЯ ТАНЫСТЫРЫЛДЫ



28 желтоқсанда Қырғызстан астанасы Бішкек қаласында туристік милиция таныстырылды. Аталған құрылым Қырғыз Республикасы ІІМ бұйрығымен 2018 жылдың тамыз айынан бастап құрыла бастаған еді.

2018 жылдың желтоқсанында Ішкі істер министрі Кашкар Джунушалиевтің «Бішкек ІІББ туристік взводының айырым белгілерін бекіту туралы» бұйрығы шығып, бөлімше қызметкерлеріне қарасұр және қаркөк түсті киім үлгісі берілді. Сондай-ақ, туристік милицияның арнайы жетондары мен айырым белгілері де белгіленді. Жаңа бөлімше Қырғызстан аумағында туристердің қауіпсіздігін қамтамасыз ететін болады. Сонымен қатар, шетелдік туристерке консультивтік қызмет те көрсетеді.

2018 ЖЫЛЫ ӘЗЕРБАЙЖАН СПОРТШЫЛАРЫ 750 МЕДАЛЬ ЖЕҢІП АЛДЫ



2018 жылы Әзербайжан спортшылары мол табыстарға қол жеткізді. Бұл туралы 27 желтоқсанда өткен арнайы шарада Әзербайжанның Жастар және спорт министрі Азад Рагимов атап өтті.

Министрдің сөзіне қарағанда спортшылар әлем және Еуропа чемпионаттарында, Кубок жарыстары мен халықаралық турнирлерде табысты өнер көрсетіп, жалпы саны 753 медал жеңіп алған. Соның ішінде 263 алтын, 230 күміс және 260 қола медалға ие болыпты. Сонымен қатар, әзербайжандық спортшылар Буэнос-Айрестегі III жазғы жасөспірімдер олимпиадасына 17 лицензия ұтып алған. Ал жарыс нәтижесінде жасөспірімдер үш алтын, бір күміс және үш қола медалға ие болыпты.